

## **Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының кейбір елді мекендерін тарату туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 13 желтоқсандағы N А-9/561 қаулысы және Ақмола облысының мәслихаты 2008 жылғы 13 желтоқсандағы N 4С-11-16 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 19 қаңтарда N 3297 тіркелді

1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3 , 11 баптарына сәйкес, Еңбекшілдер ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 5 наурыздағы № а-3/44 қаулысы мен Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2008 жылғы 17 наурыздағы № С-6/7 «Кейбір елді мекендерді тарату және Еңбекшілдер ауданының есепті мәліметтерінен шығару туралы» шешімі негізінде Ақмола облысының әкімдігі мен Ақмола облыстық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Ақмола облысы Еңбекшілдер ауданының кейбір елді мекендері тұрғындардың көшіп кетулеріне байланысты таратылсын:

Кеңашы селолық округінің Қарасор селосы;

Бірсуат селолық округінің Тассу селосы;

Мамай селолық округінің Итемген селосы.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

3. Шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі *А. Рау*

Ақмола облыстық мәслихаты

сессиясының төрағасы *Б. Оспанов*

Ақмола облыстық

мәслихаты хатшысының м.а. *Г. Марченкова*